

Егемен Қазақстан

 **Егемен.kz**

Жасанды жүрек. Донор. Жасампаз операция

Ұлттық кардиохирургия мамандары жүрек ауыстыру жөнінен әлем назарын аударған бірегей операция жасады



Бұл – отандық медицина бағындырған биік белес, үлкен жетістік деп бағалауға әбден лайық оқиға. Елордадағы ұлттық кардиохирургия орталығы бір-бірімен тікелей байланысты аса маңызды ғылыми тәжірибені жүзеге асырды: жасанды жүректі сынақтан ткізді және сол жасанды жүректі донор жүрекке сәтімен алмастырды. Бұл операцияның барысын әлем елдерінен 30-ға тарта дәрігер арнайы келіп көрді. Осылайша, Астанамыз 20 жылдық белесінде әлемдік озық медицинаның орталығына айналып келе жатқанын да айғақтады.

Былтыр Ұлттық ғылыми кардиохирургиялық орталығы жүрегінде ақауы бар Құнанбай Абыраев есімді науқасқа «САРМАТ» толық жасанды жүрегін салып, пациент асқаралы алпыс жасқа аман-есен аяқ басқан болатын. Міне, арада тоғыз ай өткенде донор табылып, Қ. Абыраевқа жасалған екінші ота да сәтті аяқталды. Бір жағы зерттеу нысанына айналған ол – доноры табылғанша жасанды жүрекпен жанбаққан жер бетіндегі әзірге жалғыз жан. Еуропадағы жетекші елдердің өзі тандай қаққан тәжірибе отандық кардиохирургиямыздың озық екенін тағы бір дәлелдеді.

Осыған орай Астана қаласында бірінші рет пациентке толығымен жасанды жүрек имплантациясынан кейін жүргізілген ортотопиялық жүрек трансплантациясы туралы Ұлттық ғылыми кардиохирургиялық орталық базасында Денсаулық сақтау вице-министрі Алексей Цой, Ұлттық ғылыми кардиохирургиялық орталығының басқарма төрағасы Юрий Пя және оның бірінші орынбасары Махаббат Бекбосынованың қатысуымен баспасөз мәслихаты өтті. Мәслихатта жүрек трансплантациясынан бөлек халықаралық ғылыми жобаларға қатысу, «САРМАТ» жасанды жүрегі туралы, сондайақ медицинадағы инновациялық тәсілдер жайлы сөз болды.

Денсаулық сақтау вице-министрі А.Цой атап өткендей, қазіргі уақытта жасанды жүрек құрылғысының бірнеше модификациясы бар. Алайда француз ғалымдарының соңғы эксперименттері нәтижесінде құрастырылған «САРМАТ» тлық жасанды адам жүрегінің физиологиялық параметрлері науқас ағзасына неғұрлым жақын болып табылған.

Орталық басшысы Юрий Пяда өз кезегінде пациентке жасанды жүрек орнатудағы бірнеше себептерді ашып айтты. Науқас тоғыз ай бұрын донорлық жүрекке дайын болмаған. Оның бауыр, өкпе және тағы басқа органдарының функциясы нашарлап кеткендігіне байланысты аталған қадамға баруға тура келген. «Жасанды жүректі салғаннан кейін жағдайы жақсарды, өкпе артериясындағы қан қысымы да қалпына келді. Содан кейін барып донорлық жүректі салуға болатынына көз жеткіздік. Сөйтіп үш айдан соң пациенттің жағдайы жақсарғаннан кейін біз донорлық жүректі іздеуге кірістік», дейді Ю.Пя.

Оның сөзінше, ағымдағы жылы жүрекке жасалған отаның саны бесеуге жеткен. «Жылдың соңына дейін тағы екі-үш науқасқа жасанды жүрек орнату отасы жасалуы мүмкін. Себебі көп жағдайда туған-туыстар донорлыққа келісім бермейді», дейді маман.

Жасанды жүректі донорлық жүрекпен алмастыру операциясы 12 сағатқа созылған. Әлем бойынша алғаш рет жасалған отаны шетелден 30-ға жуық дәрігер көруге келген. Жасанды жүректің ерекшелігіне тоқтала кететін болсақ, бұл текқана механикалық құрылғы емес, сондай-ақ бөлшектері биологиялық талшық тардан тұрады. Тіпті адам қобалжыған жағдайда оның соғысы жиілейтіні де бүгінгі таң да айтулы ғылыми жаңалық болып отыр.

«САРМАТ» атты француз компаниясы өнімінің қазіргі бағасы – 1 млн еуро. Юрий Пяның айтуынша, Қ. Абраевтың жағдайында мемлекетте, орталықта мұндай ақша жұмсаған жоқ. Француз компаниясы өз аппаратын сынақтан өткізу үшін ұсынған және көзіміз жеткендей тәжірибеден сәтті өтіп отыр. Қазақстан халықаралық зерттеуге енгендіктен жасанды жүректі жасаған компания сол механикалық органды тегін береді әрі отасы да тегін жасалады. Арнайы сынақ нәтижесі «САР МАТ» жүрегінің 7 жылдан астам уақыт бойы қызмет ететінін көрсеткен.

Мәжілісте орталық басшысының орынбасары Махаббат Бекбосынова қазіргі кезде Құнанбай Абыраевтың жағдайы жақсы екенін жеткізді. «Ол өзкүшімен жүріп-тұрады. Теледидар көреді. Ал донорлық жүректі бір жас жігіттің туғантуыстары беруге келісті. Ол қайтыс болғаннан кейін оның бір емес, бірнеше ағзасын науқас адамдарға берді. Біз ол жігіттің ата-анасына мың алғыс айтамыз. Олар жүректі ғана емес, бүйректі де, бауырды да беруге келісті. Осылайша, бір адам, кем дегенде, төрт адамның өмірін сақтап қалды», дейді ол.

Аталған орталықта Құнанбай Абыраевтан бөлек жасанды жүрек орнатылған екі науқас донор күтіп жатқандығын да айта кеткеніміз жөн. Жалпы, әлем бойынша 10 науқасқа жасанды жүрек құрылғысы қойылған. Ал әлем бойынша донорлық жүрекпен өмір сүріп жүрген 30-ға жуық адам бар.

Мирас АСАН